

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Тәуелсіздік -тірегім.

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.01.2021СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/84644/>

Атыгаева Бекзада Абдумажитовна

Тәуелсіздік -тірегім.

Тәуелсіздік-қасиетті, киелі ұғым. Ол ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы аңсаған арманы, үміті мен сенімі. Ол-азаттықтың алтын арқауы, елдігіміздің мызғымас тұғыры. Егемендік бізге оңай келген жоқ. Тамыры тереңге тартқан тарих беттеріне үңілер болсақ, орыс отаршылдығы кезеңіндегі Сырым, Исатай, Махамбет, Жанқожа, Кенесары, Бекболат, Жәмеңке мен Ұзақ, Амангелді бастаған ірі көтерілістер мен ұлт азаттық күрестер Тәуелсіздікті аңсаған еліміздің жанкешті ерлігі мен тірлігін көрсетеді. Отызыншы жылдардағы қос нәубеттің қасіретін қалай ұмытамыз. Қолдан жасалған ашаршылық салдарынан халқымыз қынадай қырылды, «Қызыл империяның» құйтырқы саясатының құрбаны болған халқымыздың биік рухты, маңдайалды ұлдары «халық жауы» деген жаламен жазықсыздан-жазықсыз атылды. «Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының кемел келешегі жолында басын бәйгеге тігіп, ажал оғына қасқая қарсы тұрған Алаш арыстары Әлихан Бөкейханов, Тұрар Рысқұлов, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай әділдіктің ақ туын жықпай, арманда кетті. Тарихта теңдесі жоқ, миллиондаған жанның өмірін қиған Ұлы Отан соғысының отты жылдарында да қазақ халқының ұл-қыздары қаһармандықтың ерен үлгісін көрсетті. Кешегі Желтоқсанның ызғарында намысты ту етіп көтерген қазақ жастары тотолитарлық режимге қарсы шығып, ақ мұзда алау жаққаны биік рухтың, елжандылықтың жарқын көрінісі. Тәуелсіздікке жол ашқан ұлт-азаттық көтерілістің соңғы серпіні болды десек қателеспеспіз. Осылайша, Көкбөрідей киесі бар, көк түріктей иесі бар қазақ халқының сағы сынбады, бағы жанды. Тағдырымызға тәубе! Небір қилы заманды, «тар жол тайғақ кешуді» басынан өткерген қазақ халқына Алланың мейірі түсіп, Егеменді ел атандық! 1991 жылы 16-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық Заңы қабылданғанына да, міне, биыл-23 жыл толмақ. Осынау жылдар аясында еңсеміз биіктеп, рухымыз шалқи түсті. Төрткүл дүниеге «қазақ» деген ұлт, «Қазақстан» деген мемлекет танылды, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілді. Шекарамыз айқындалып, жеріміз түгенделді. Елдігіміздің

нышандары- Елтаңба жарқырап, көк Туымыз желбіреп, Әнұранымыз асқақтай шырқалды, ана тіліміз жанданып, дініміз оралды. Еуразия жүрегінде, арқа төсінде айдай сұлу Астана бой көтерді. Болашақтан үлкен үміті бар, өркениет өресіне қол созған, экономикалық жағынан дамып келе жатқан, тарихы тереңнен бастау алатын іргелі, бейбітсүйгіш ел екенімізді дәлелдедік. Осының бәрі

Тұңғыш Президентіміз, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салихалы саясатының жемісі. Елбасы Н.Назарбаев өзінің бір сөзінде «Бабаларымыз ғасырлар бойы қорғаштап, сақтаған қасиетті туған жеріміз-бірінші құндылығымыз. Бұл жер жүзден астам этностарды құшақ жая қарсы алып, қазір олар тату-тәтті өмір сүріп жатыр.

Екінші құндылық- бұл Тәуелсіздігіміз бен Азаттығымыз. Ол өз тағдырымызды өзіміз шешуге және тарих, бүкіл әлем алдында жауапты болуға құқық береді. Үшіншісі-бұл халықтың бірлігі, Туған Отанымызды өркендету жолындағы бейбітшілік пен келісім» деп, Қазақ елінің үш маңызды құндылығын айқындап берген еді. Олай болса осынау үш құндылығымызды көзіміздің қарашығындай сақтау әр қайсысымыздың азаматтық, перзенттік борышымыз. Тарих атты ұлы көште әр кезеңнің алар орны, шығар биігі бар. Иә, уақыт бағамында 23 жыл қысқа ғана мерзім болғанымен, тәуелсіз еліміз үшін жүріп өткен жол, еңсерілген іс ғасырға пара-пар. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің тарихы, олардың қадір-қасиеті мен мән-мағынасының құндылығы бір бөлек.1992 жылғы маусымның 4-інде алғаш рет тәуелсіз Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздері бекітілді. Бұл күн мемлекеттік рәміздердің туған күні ретінде еліміздің тарихында мәңгі қалды. Мемлекеттік рәміздер — біздің егемендігіміздің мығымас негіздерінің бірі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік-Алтын күмбез дейтін болсақ, сол күмбезді тіреп тұрған төрт белгі -рәміздеріміз бар. Оның біріншісі- Елтаңба, екіншісі-Әнұран, үшіншісі-Көк байрақ, төртіншісі — қазақ тілі» деген сөзі соның дәлелі. Сондықтан рәміздерімізді қастерлеу, оған құрметпен қарау- бойымыздағы елжандылығымыздың, Отанға деген сүйіспеншілігіміздің бір белгісі.Ту- мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын білдіретін басты рәміздің бірі. Қазақстан Республикасы мемлекеттік Туының бірыңғай көгілдір түс төбедегі бұлтсыз ашық аспанды, Қазақстан халқының береке-бірлігін, ынтымағын, ниет-тілектің тазалығын, адалдығын бейнелейді. Ежелгі түркі тілінде «көк» сөзі аспан деген ұғымды білдіреді. Көк түс түркі халықтары үшін қасиетті ұғым, бейбітшіліктің, тыныштық пен жақсылықтың нышаны болған. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты, күш-қуатты меңзейді. Күн — қозғалыс, даму, өсіп-өркендеудің және өмірдің белгісі. Күн — уақыт, замана бейнесі. Қанатын жайған қыран құс -биік мақсаттар мен жарқын болашақтың, қырағылық пен мәрттіктің символы, ол билік, айбындылық бейнесі. ҚР мемлекеттік туының авторы — суретші Шәкен Ниязбеков.

Елтаңба — Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» конституциялық заң күші бар Жарлығымен (24.1.1996) белгіленген. Рәміздік тұрғыдан алып қарасақ мемлекеттік гербінің негізі — шаңырақ. Ол — гербтің жүрегі. Шаңырақ — мемлекеттің түп-негізі отбасының бейнесі. Шаңырақ — күн шеңбері. Айналған күн шеңберінің қозғалыстағы суреті іспетті. Шаңырақ — киіз үйдің күмбезі көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі. Тұлпар — дала дүлділі, ер-азаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік аты, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты тұлпар — қазақ поэзиясындағы кең тараған бейне. Ол — ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың кейпі. Қанатты тұлпар уақыт пен кеңістікті біріктіреді. Ол — өлмес өмірдің бейнесі. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді.

Бес бұрышты жұлдыз гербтің тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Қазақстан Республикасы мемлекеттік Елтаңбасының авторлары — Ж.Мәлібеков пен Ш.Уәлиханов. Гимн — ел азаматтарын тиімді әлеуметтік-саяси тұрғыдан топтастырып, этномәдени тұрғыдан теңдестіру үшін негізгі мәнге ие, маңызды дыбыстық рәміз саналады. Гректің «gimneo» сөзінен шыққан «гимн» термині

«салтанатты ән» деген мағынаны білдіреді. Гимн ел азаматтарын тиімді әлеуметтік-саяси тұрғыдан топтастырып, этномәдени тұрғыдан теңдестіру үшін негізгі мәнге ие, маңызды дыбыстық рәміз саналады. Кез келген халықтың тарихында музыкалық шығармалары бар. Ол тарихтың белгілі бір уақытында сол жұрттың әнұраны болған. Мұндай әндер қазақ халқында да көп. Соның бірі — жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қазақ халқының ауыр тауқыметін көрсетуге арналған «Елім-ай» әні. Осындай бір екінші ән — «Менің Қазақстаным». Бұл шығарма Қазақстан КСРО құрамында болған тұста қазақтың намысын қайрау мақсатында өмірге келген еді. Ақын Жұмекен Нәжімеденов пен сазгер Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылық бірлестігінен туындаған «Менің Қазақстаным» шын мәнінде қазақ халқының рухын көтерген, келер күнге деген сенімі мен үкілі үмітін арқалаған ресми емес гимн болды. Тарлан тарих араға жылдар салып оны мемлекетіміздің ресми Әнұранына айналдырды. Осы тұста тәуелсіздік алғаннан кейін 1992 жылы ақындар Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Жадыра Дәрібаева мәтін сөздерін жазған алғашқы Әнұранымыз өзінің тарихи миссиясын абыроймен атқарғанын әділдік үшін айта кету керек. Ал заман талабына сай 2006 жылғы қаңтардың 6-сында Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Мемлекеттік рәміздер туралы»

Жарлыққа түзетулер енгізілгеннен кейін, арада төрт күн өткесін, яғни қаңтардың 10-ында «Менің Қазақстаным» ресми Әнұран болып бекітілді. Сөйтіп, бұл күн тарихқа

еліміздің жаңа гимнінің туған күні ретінде жазылды. Әуенін Шәмші Қалдаяқов, сөзін Жүмекен Нәжімеденов жазған Әнұранның сөзін уақыт өлшемімен үндестірген бірлескен автор — еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев.

Халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа деген үмітін, арман-тілегін паш ететін, ортақ мақсатқа топтастырып, біріктіруші күшке ие-мемлекеттік рәміздерді көзіміздің қарашығындай сақтап, қастерлей білейік! Ашық аспанда көк туымыз желбіреп, Әнұранымыз асқақтай берсін!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.